

---

«28» сәуір 2016 жыл

## **«БЖЗК» АҚ салымшыларының зейнетақы жинақтары 6 триллион теңгеден асты**

2016 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша зейнетақы жинақтарының сомасы 6,06 трлн. теңге болды.

Зейнетақы жарналарының барлық түрі бойынша шарттардың жалпы саны 10,1 млн. бірліктен асты, оның ішінде міндетті зейнетақы жарналары бойынша шарттар – шамамен 9,7 млн. бірлік. Міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары бойынша салымшылар саны 396 150 бірлік болды, ал ерікті зейнетақы жарналары бойынша – 39 183.

2016 жыл басынан бері алынған және салымшылардың жеке зейнетақы шоттарына бөлінген инвестициялық табыс – 139,04 млрд. теңге.

БЖЗК зейнетақы активтері бойынша жылдық табыстылық (2015 жылғы сәуір – 2016 жылғы наурыз) ұқсас кезеңдегі 15,7% құнсыздану деңгейінде 16,9 %-ға жетті.

2016 жылғы 1 қаңтар мен 31 наурыз аралығындағы кезеңде салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттарына шамамен 152,4 млрд. теңге түсті. Көрсетілген кезеңде БЖЗК жасаған зейнетақы төлемдері мен аударымдары – 60,67 млрд. теңге, оның ішінде сақтандыру ұйымдарына 4,81 млрд. теңге көлемінде аударымдар жасалды.

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорындағы міндетті зейнетақы жарналарын, сондай-ақ міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын мемлекет «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» заңға сәйкес төлемге құқық алған сәттегі құнсыздану деңгейін ескеріп, нақты салынған жарналар мөлшерінде сақтауға кепілдік береді.

Жарналар түсімін Қор салымшылары [enpf.kz](http://enpf.kz) сайты, «ENPF» ұялы қосымшасы немесе e-gov порталы арқылы қадағалай алады.

*«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ (БЖЗК) 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗК» АҚ негізінде құрылды. «БЖЗК» АҚ құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗК зейнетақы активтерін сенімгерлік басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін көтеру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Қазақстан Республикасының Президенті басшылық ететін Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді.*

*Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗК міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымшыға (алушыға) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ [www.enpf.kz](http://www.enpf.kz) сайтында).*

---

«БЖЗК» АҚ баспасөз орталығы

БАҚ үшін байланыстар: [press@enpf.kz](mailto:press@enpf.kz)